



ПРЕСС-РЕЛИЗ

г. Алматы

06 сентября 2018 года

KASE шет елдік валюталар нарығында бағам құраушы құрал ретінде – USDKZT_TOM анықтады

2018 жылдың 10 қыркүйегінен бастап, KASE шет елдік валюталар нарығында бағам құрау үшін, есептесуі (T+1) – USDKZT_TOM теңгемен келесі жұмыс күніне АҚШ доллары бойынша сауда-саттық қорытындысы пайдаланылады.

Бұрын ұлттық валютамен сауда-саттық күні есептесуі (T+0) – USDKZT_TOD АҚШ долларына орташа сараланған биржалық бағамы бағам құрушы құрал ретінде пайдаланылатын.

Жаңа енгізілімнің мақсаты – теңгенің еркін айналымдағы айырбастау бағамы режимі жағдайында шет елдік валюталар нарығында репрезентативті индикаторды құру болып табылады.

"Бағам құрушы құралды T+0 -ден T+1-ге өзгерту соның негізінде бағам белгіленген мәмілелер бойынша есептеулер датасын Ұлттық Банктің ресми бағамы ретінде пайдалану датасымен үйлестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталмыш өзгертулер нарықтың қатысушыларына "ертеңгі" ағымды неғұрлым дәл болжауға, оның ішінде KASE T+2 есептеулер сызбасын пайдалануды кеңейтетін, қор нарығындағы мәмілелерге де қолдануға мүмкіндік береді"- деп аталмыш оқиғаға KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары Наталья Хорошевская түсініктеме берді.

Аталған күннен бастап, астана уақытымен сағат 15:30-де қор биржасының екі сессиясының – таңертеңгілік (негізгі) және күндізгі (қосымша) қорытындысы бойынша қалыптасқан, есептесуі T+1 теңгемен (USDKZT_TOM) орташа сараланған теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамы сауда-саттық өткізілген күннің келесі жұмыс күні ұлттық валютаның АҚШ долларына ресми бағамы ретінде белгіленеді.

KASE нарыққа қатысушылардың назарын таңертеңгілік сессия қорытындысы бойынша есептелген, есептесуі T+1 теңгемен доллардың орташа сараланған бағамын Биржа келесі күні әлемнің негізгі резервтік валютасының құнын анықтаушы көрсеткіш ретінде, KASE ішкі құжаттарында қарастырылған, әр түрлі мақсаттарға пайдаланылатынына аударады.

Сонымен бірге шет елдік валютасымен сауда-саттық регламенті Қазақстан қор биржасында өзгермейді, USDKZT_TOD және USDKZT_TOM құралдары (сауда-саттық күні және келесі жұмыс күні есептеулермен теңгеге АҚШ доллары) әдеттегі режимде, күн сайын таңертеңгілік және күндізгі сауда-саттық сессиясында сатылуды жалғастырады.

Қазақстан қор биржасында шет елдік валютасымен сауда-саттық нәтижесі Биржаның интернет-сайтында <http://kase.kz/kz/currency/> мекен-жайында жарияланады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық құралы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша екінші орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz